

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Қазақстан Халық партиясы»
Партия фракциясының
депутаттарына

2022 жылғы 30 қарашадағы № ДС-344

Құрметті депутаттар!

Жүйелі шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша төмендегілерді хабарлаймын.

Өрттен қорғау жүйесін күшейту жөніндегі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты

Қазіргі уақытта көп пәтерлі тұрғын үйлерге қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінде және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерде көзделген.

Өрттен қорғау жүйесін күшейту мақсатында Төтенше жағдайлар министрлігімен (бұдан әрі – ТЖМ) көп пәтерлі тұрғын үйлерді, көпқабатты ғимараттар мен адамдар көп жиналатын объектілерді пайдалануға беру алдында ТЖМ құзыретіне қорытынды беру мәселесі пысықталуда, тиісті заңнамалық түзетулер келісу сатысында.

Бұдан басқа, объектілерде және тұрғын үйлерде өрт автоматикасы жүйелерін монтаждауды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарға ТЖМ талаптарды қатаңдату бойынша шаралар қабылдауда.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге **қабатына қарамастан** жаңадан жобаланатын көп пәтерлі тұрғын үйлерді автоматты өрт дабылы жүйелерімен міндетті жабдықтауды көздейтін өзгерістер енгізілді (бұрын бұл талап 9 қабаттан жоғары тұрғын үйлер үшін көзделген болатын).

Өрт сөндіру бөлімшелерінің қалалардың тығыз қоныстанған аудандарында орналасқан ірі объектілер мен тұрғын үйлердегі өрттерге ден қою уақытын

қысқарту үшін ТЖМ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жаңадан жобаланатын көп пәтерлі тұрғын үй кешендерінде бір өрт сөндіру автокөлігіне арналған өрт сөндіру депосын құру мәселесі пысықталуда.

Құрылыс нормаларына тиісті өзгерістер енгізілді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар оларды құру тетігін әзірлеуде.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің Перспективалық жоспарын әзірлеуге және бекітуге қатысты

ТЖМ мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп «Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша 2022-2024 жылдарға арналған жол картасы» Премьер-Министрдің 2021 жылғы 24 қарашадағы №187-ө өкімімен бекітілді (*бұдан әрі – Жол карта*).

Жол картада келесі іс-шаралар қарастырылған:

өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
тұрғын үй қорын жобалау мен салудың барлық кезеңдерінде өрт қауіпсіздігін бақылауды енгізу;

мемлекеттік емес (*ведомстводан тыс*) өртке қарсы қызметті дамыту;

өртке қарсы бөлімшелердің жарақтандырылуын нығайту;

өрттің алдын алу және жою бойынша заманауи цифрлық және өзге де технологияларды енгізу.

Осылайша, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің Перспективалық жоспарын әзірлеу талап етілмейді.

Жалпы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасуда және уәкілетті органдар мен Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам фракции партии
«Народная партия Казахстана»
в Мажилесе Парламента
Республики Казахстан**

На № ДС-344 от 30.11.2022 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно принятия системных мер по обеспечению пожарной безопасности, сообщаю следующее.

Касательно внесения изменений и дополнений в нормативные документы по усилению системы противопожарной защиты

В настоящее время противопожарные требования к многоквартирным жилым домам предусмотрены в Техническом регламенте «Общие требования к пожарной безопасности» и государственных нормативах в области архитектуры, градостроительства и строительства.

В целях усиления системы противопожарной защиты Министерством по чрезвычайным ситуациям (*далее – МЧС*) прорабатывается вопрос наделения компетенцией МЧС по выдаче заключения перед вводом в эксплуатацию многоквартирных жилых домов, высотных зданий и объектов с массовым пребыванием людей. Соответствующие законодательные поправки на стадии согласования.

Кроме того, МЧС принимаются меры по ужесточению требований к организациям, осуществляющим монтаж и техническое обслуживание систем пожарной автоматики на объектах и в жилых домах.

Внесены изменения в государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства, предусматривающие обязательное оборудование системами автоматической пожарной сигнализации вновь проектируемых многоквартирных жилых домов **независимо от этажности** (*ранее данное требование предусматривалось для жилых домов свыше 9 этажей*).

Для сокращения времени реагирования пожарных подразделений на пожары в крупных объектах и жилых домах, расположенных в густонаселенных районах городов, МЧС совместно с заинтересованными государственными органами прорабатывается вопрос создания пожарных депо на один пожарный автомобиль во вновь проектируемых многоквартирных жилых комплексах.

Соответствующие изменения внесены в строительные нормы.

В настоящее время госорганами вырабатывается механизм их создания.

Касательно разработки и утверждения Перспективного плана обеспечения пожарной безопасности

МЧС совместно с заинтересованными государственными и местными исполнительными органами разработана и утверждена распоряжением Премьер-Министра от 24 ноября 2021 года №187-р Дорожная карта по обеспечению пожарной безопасности на территории Республики Казахстан на 2022-2024 годы (*далее – Дорожная карта*).

В Дорожной карте предусмотрены мероприятия по:
совершенствованию нормативно-правовой базы в области пожарной безопасности;

введению контроля пожарной безопасности на всех этапах проектирования и строительства жилого фонда;

развитию негосударственной (*вневедомственной*) противопожарной службы;

укреплению оснащенности противопожарных подразделений;

внедрению современных цифровых и иных технологий по предупреждению и ликвидации пожаров.

Таким образом разработка Перспективного плана обеспечения пожарной безопасности не требуется.

В целом работа по обеспечению пожарной безопасности продолжается и находится на постоянном контроле уполномоченных органов и Правительства.

Р. Скляр